

2011 жылы он жеті жасқа толатын азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуге алу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 46 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қаңтарда № 5-14-121 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Күршім ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 08 шілдедегі № 01-05/1492 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Күршім ауданы әкімдігінің 08.07.2011 № 01-05/1492 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17, 18, 44 баптарына, "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Күршім ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын, сондай-ақ шақыру учаскесіне бұрын тіркелмеген Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын тіркеу 2011 жылдың қаңтар-наурызында өткізілсін.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Т. Бахтиярұлы:

- 1) коммуналдық шығындарын;
- 2) жасөспірімдерді әскери есепке тіркеу уақытында қосымша жанар-жағармай бөлінуін, кеңсе заттарының шығындарын;
- 3) жасөспірімдерді әскери шақыру учаскесіне тіркеуде дәрігерлік тексеруге және емдеуге жұмсалған шығындарды;

4) әскери-дәрігерлік комиссияға, әскерге шақырылатын азаматтардың іс-құжаттарын дайындау үшін техникалық қызметкерлердің жұмысқа қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің тапсырмасымен келісім-шарттар бойынша қабылдауды аудан бюджетінде қаралған қаржы есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Аудандық № 1 медициналық бірлестігінің директоры К.Қ. Анапиеваға (келісімі бойынша) және № 2 медициналық бірлестігінің директоры Б.З. Арнапасовқа (келісімі бойынша):

1) әскери шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жасөспірімдерді арнайы бөлімдерде тексеруден өткізу үшін медициналық комиссияның жергілікті маман дәрігерлермен, орта медициналық қызметшілермен, қажетті мөлшерде медициналық аспаптармен, мүлікпен қамтамасыз ету;

2) әскери оқу орындарына үміткерлерді медициналық куәландіру және емдеу жүргізілетін емдеу мекемелерін белгілеу, қосымша тексеруге қажет жататын о р ы н б ө л у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Ауылдық округ әкімдеріне, аудандық білім бөліміне (Ә.Қ. Қосамбековке) азаматтық алған, бұрын әскери есепке тұрмаған азаматтарды тіркеу учаскесіне жеткізу, іссапардағы, демалыстағы азаматтардың шақырылуын қамтамасыз ету, жасөспірімдерді әскери есепке тіркеу учаскесіне жеткізетін арнайы адамдар бөлу , жасөспірімдерді шақыру учаскесіне тіркеу уақытында жабдықталған көлікпен жеткізуді қамтамасыз ету және оларды тасымалдауда оқыс оқиғалардан сақтанудың барлық шараларын сақтау міндеттелсін.

5. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы А.Қ. Әбілмәжіновке (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіруді және ұстауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Күршім ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1994 жылы туған азаматтарды тіркеуге байланысты ішкі саясат бөлімінің бастығы Ш.М. Тойбаевқа осы тұрғыда әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, аудандық баспасөз арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу т а п с ы р ы л с ы н .

7. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д. Ә л х а н о в қ а жүктелсін.

8. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім

ауданының

әкімі А.

Сеитов

К Е Л І С І Л Д І :

Күршім
істері
Д .

ауданының
жөніндегі

бөлімінің

қорғаныс
бастығы

Ж и и н д и н о в

"Күршім ауданының
коммуналдық
кәсіпорынының
К .

№ 1
мемлекеттік

медициналық

бірлестігі"
қазыналық
директоры

А н а п и е в а

"Күршім ауданының № 2 медициналық бірлестігі"
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорының директоры
Б . А р н а п а с о в

"Күршім ауданының ішкі істер"
бөлімінің бастығы
А . Ә б і л м ә ж і н о в

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК